

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің міндетін атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 959 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 қарашада № 12256 болып тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Шығындары бюджет қаражаты есебінен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 30 қазандағы № 113 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9860 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне 2014 жылы 20 қарашада, «Егемен Қазақстан» газетінде 2015 жылы 01 тамызда № 145 (28623) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шығындары бюджет қаражаты есебінен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларында:

12-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) тасымалдаушыда (әлеуетті) соңғы 12 ай ішінде шарттық қатынастар жоқ ұйымдардан басқа, тендер өткізетін айдың алдындағы айдың бірінші күніне, бірінші басшылардың мөрлерімен бекітілген, қолдарымен куәландырылған, тасымалдаушы (әлеуетті) мен Ұлттық имфрақұрылым операторының, локомотивтік тарту операторының және жолаушылар вагондарын жалға алу, техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді, жолаушылар вагондарын сумен және отынмен жабдықтау, жолаушыларға жалпы пайдаланудағы үй-жайға қол жеткізу және қызметтерін ұсыну вокзалдарда анықтамалық-ақпараттық қызметтерді көрсететін басқа да теміржол ұйымдарының арасындағы өзара есеп айырылысуларды салыстырып тексеру актісі.

Берешек болған жағдайда, басшылардың мөрлерімен, қолдарымен бекітілген, берешекті кепілді өтеу кестесін қамтитын, екі жақты келісім немесе төлем жасау туралы банктің белгісі бар берешектің өтелуін растайтын төлем тапсырмаларының т ү п н ұ с қ а л а р ы ; » ;

Шығындары бюджет қаражаты есебінен субсидиялануға жататын әлеуметтік

маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларының 1-қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н .

2. «Рельстік көлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 35 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10329 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне 2015 жылы 01 сәуірде, «Егемен Қазақстан» газетінде 2015 жылы 13 тамызда № 153 (28631) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Рельстік көлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларында:

2-тармақтың 1), 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) аралық - шектес станциялар (аялдау пункттері) арасында орналасқан метрополитен желісінің (трамвай желісі) бөлігі;»;

«3) еңіс - көлденең сызыққа еңісі бар жолдың ұзына бойындағы пішінінің элементі. Төменгі нүктеден жоғарғыға жылжитын жылжымалы құрам үшін еңіс көтерілу, ал кері жылжитынға - түсу болып аталады;

4) жылжымалы құрамның габариті - шегінен шықпай жылжымалы құрам (трамвай вагоны) рельстік жолда орналасатын шекті көлденең (рельстік жол осіне перпендикуляр) кескін;»;

22-тармақтың үшінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«Автоматтық пневматикалық тежегіштер және олардың элементтері белгіленген нормалар бойынша ұсталады, пайдаланудың әртүрлі жағдайларында іс-қимылдардың басқарылуын және сенімділігін, тежеудің бірқалыптылығын, сондай-ақ әуе тежеуіш магистралі бөлінген немесе ажыраған кезде, тоқтату кранын (кранды немесе шұғыл тежеу кнопкасын) ашқан немесе автотоқтатқыштың клапаны үзілген кезде поезддың тоқтауын қамтамасыз етеді.»;

31-тармақтың бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Доңғалақ жұптарының мынадай тозулары мен зақымдануларының ең болмағанда біреуі болған кезде жылжымалы құрамды пайдалануға шығаруға жол берілмейді:»;

43-тармақтың үшінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыртқы рельс желісінің 120 мм-ден астам жоғарлауына жол берілмейді. Қажет болған жағдайларда, Метрополитен басқармасының рұқсатымен басты жолдың қисық учаскелерінде сыртқы рельс желісінің максималды жоғарылауына және 120 мм-ден

астам жоғарлауына жол берілуі мүмкін.»;

96-тармақтың екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«Біріккен тартқыш-азайту қосалқы станциялары серверлік және коммутациялық жабдығының, ПҚАТ құрылғыларының қалыпты жұмысын бұзатын токтардың түйіспелі желісі кіруден қорғайтын қорғаныспен қамтамасыз етіледі.»;

Орыс тіліндегі 197-тармаққа өзгерістер енгізіледі, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгертілмейді;

198-тармақтың екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«Орталықтандырылмаған электрмен жабдықтау кезінде секциялық изоляторлар мәжбүр болған режимде ток бөлімдерінің есептік нүктелерінде; орталықтандырылған электрмен жабдықтау кезінде - осы қосалқы станцияның қоректендіру ауданының электрлік есептеу нәтижесінде алынған нүктелерде және қалыпты жұмыс режимі үшін түйіспелі желі бойынша қосалқы станциялардың сабақтас барлық қоректендіру желілерінің ток бөлімдерінде орнатылады.»;

199-тармақтың бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«199. Түйіспелі желінің арнайы бөліктерін трасса учаскелерінде 15% кем еңіспен орнату қажет.»;

Орыс тіліндегі 209-тармаққа өзгерістер енгізіледі, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгертілмейді.

269-тармақтың алтыншы бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жол қызметі басшылығының хабарламасы бойынша Жол қозғалысы қызметінің бастығы жылдамдықты шектейді (үш тәулік мерзімге дейін) немесе жедел тәртіпте қозғалысты жабады. Қозғалыс жылдамдығын анағұрлым ұзақ шектеу (немесе жабу) қажетті құжаттарды жасаған кезде ресімделеді. Жоспарлы жол жұмыстарын орындау үшін Қозғалыс қызметі технологиялық процеске сәйкес және жолаушылар тасымалы үшін ең аз залалы бар жобалық-сметалық құжаттамамен алдын ала келісілген күндізгі немесе түнгі «терезе» жұмыстарын ұсынады.»;

270-тармақтың бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«270. Жолдарды жабу қажеттілігінде немесе қозғалыстың қысқа мерзімді үзілісінде жол жұмыстарының жетекшісі бір күннен кешіктірмей олардың басталуына дейін Қозғалыс қызметінің (басқармасының) бастығына жөндеуге жататын жолдарды, бағыттағыштарды немесе тораптарды нақты көрсете отырып, жөндеу орындарындағы жолдарды орналастырудың эскизді схемасы қоса берілген өтінімді береді. Қозғалысты жабумен немесе жылдамдықты шектеумен байланысты жөндеу жұмыстарын жүргізген жағдайда, олардың мерзімдері жұмыс жетекшісімен белгіленеді және Қозғалыс қызметінің бастығымен келісіледі.».

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрлігінің Көлік комитеті (А.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға ж і б е р у д і ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
И н в е с т и ц и я л а р ж әне д а м у
М и н и с т р і н і ң м і н д е т і н а т қ а р у ш ы Ж. Қ а с ы м б е к

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н в е с т и ц и я л а р ж әне д а м у
М и н и с т р і н і ң м і н д е т і н а т қ а р у ш ы с ы н ы ң
2 0 1 5 ж ыл ғы 3 0 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 959 бұйрығына қосымша
Ш ы ғы н д а р ы б ю д ж е т қ а р а ж а т ы е с е б і н е н
с у б с и д и я л а н у ға ж а т а т ы н ә л е у м е т т і к
м а ң ы з ы б а р о б л ы с а р а л ы қ қ а т ы н а с т а р
б о й ы н ш а т е м і р ж о л ж о л а у ш ы л а р т а с ы м а л ы н
ж ү з е г е а с ы р а т ы н т а с ы м а л д а у ш ы л а р д ы
а й қ ы н д а у б о й ы н ш а а ш ы қ т е н д е р н е г і з і н д е
к о н к у р с ө т к і з у қ а ғ и д а л а р ы н а
1-қосымша
Н ы с а н

2015 жылғы әлеуметтік маңызы бар қатынастар
бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асырудың
негізгі талаптары

						Құрамдағы орташа	
--	--	--	--	--	--	---------------------	--

р/с №	поезд №	Әлеуметтік маңызы бар қатынастың атауы	Қашықтығы, км	Қатынаудың кезеңділігі	Вагон типі	жылдық минималды вагондар саны (ядро) бірл	Құрам саны, бірл.
					купе		
					плацкарт		
					жалпы		
					Барлығы		

кестенің жалғасы

Шығындардың есепті жоспарлы сомасы, мың теңге	Тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондардың қатынасы маршрут	Тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондардың саны, бірлік	Тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондардың қатынаудың кезеңділігі	Тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондарына шығындардың есепті жоспарлы сомасы, мың теңге	Ұсынылған әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауға тарифтерді өсірудің шекті деңгейі	Тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондарды ескере отырып, жоспарлы жолаушылар айналымы, мың жолаушы км	Жолаушылар поезь станиялардағы жо поездарында көрс қызметтерге алым я көлемі мың теңге	
							Б і р жиынтық үшін төсек орын ұсыну	Ж о л жүруден бас тартуға байланысты